

ҚАЗАҚЫ ҚҰЛЫҚ



Сапархан ОМАРОВ,
ауыл шаруашылығы
министрі

Елімізге Канаданың селекциялық астық тұқымын әкелген бір топ жас жігіт TDFA (The Development Fund of Agriculture) брендімен агрокомпания құрыпты. «Болашақтың сәулетшілері» деген фильм түсіріпті. Жастар өздерінің сайтында пандемиядан кейінгі экономикалық дағдарыстан шығудың нұсқасын ұсынады. TDFA порталында «Қазақстанда 50 млн тонна әртүрлі дақылдарды сақтауға болатын 250 элеватор салу керек. Оның иелері 100 пайыз астық импорттаушы елдер болуы тиіс. Бұл банктегі қорғалған депозит ұяшықтары сияқты болады», – деп жазған.

«Канада астығының тұқымы бізді дағдарыстан құтқарады» деп жүрген фильм авторларына қатысты өз ойын ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров біздің газетке былайша жеткізді:



Мен бұл фильمنىң үш бөлімін де көрдім. Тіпті осы жобаның бастамашыларымен де кездестім. Олар Қазақстанда ірі аграрлық азық-түлік қорын құруды ұсынды. Бұл былайша айтқанда, агрохолдинг. Онда өзінің астық сақтау жүйесі, тұқымдық банкі, сақтандыру қоры, білім тарату орталығы, банк және сауда үйі болуы тиіс деген пікірлерін айтты. Осы тұрғыда отандық астық импорттаушылар есебінен арнайы халықаралық аумақтық мәртебеге ие 250 жана элеватор салуды ұсынады. Мұның барлығы Қордың меншігіне конкурстық

5 млн гектар ауыл шаруашылығы жерін берген жағдайда орындалады деген шарт қояды. Біз бұл тәжірибенің бәрінен өткенбіз, өтіп те келеміз. Мұндай ірі агрохолдинг құрудың соны нәтижесіз болғаны тәжірибемізде бар. Бір кездері тұқымдық қор да болған. Бірақ салаға тиімділігін көрсете алған жоқ. Қазір ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тұқымды өздері сатып алады және жинаған өнімдерін өздері сатады.

(Жалғасы 3-бетте)

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ

Голландиялық эрготерапевт Натан Виссер Қазақстанда он жыл тұрып, арбаға танылған біраз баланың аяққа тұруына көмектесті. Ол қазақ ауылында тұрып, қазақ тілін үйреніп, отбасын құрып, тіпті балаларына қазақ есімдерін беріпті. Натан қазақ еліне қалай келді? Қазақ тілін қалай үйренді? Қазір Голландияның Меппел қаласында тұрып жатқан отбасы немен айналысады? Еліне көшіп кеткеніне біраз жыл болса да, Натан сұрақтарымызға қазақ тілінде жауап берді. Әңгіме барысында елімізге алғаш келген сәтін былай деп есіне алды.



Натан ВИССЕР:

БАЛАЛАРЫМНЫҢ АТЫН ҚАЗАҚША ҚОЙДЫМ

«Қазақстанға алғаш рет осы елден келген достарымның айтуымен, 2005 жылы турист ретінде келдім. Біздің мемлекет кішкентай. Бос жатқан жер жоқ деуге болады. Ал Қазақстанға келген кезде жерінің кеңдігін көріп таң қалдым. Бұл ел маған бірден ұнады. Табиғаты сулу, халқы өте қонақжай.

2006 жылы мамандығымға байланысты бір жоба қолға алынып, Қазақстанға көшіп келдім. Біз жұмыс істейтін ұйымның директоры «Алматыда тұрған, қазақ тілін үйренбейсің. Тіліміз бен мәдениетімізді үйренгің келсе, ең алдымен, ауылдан бастау керек» деді. Менің жұмысым кішкентай балалармен байланысты болғандықтан, олармен араласу үшін тіл білу керек екенін түсіндім».

Натан Алматы облысына қарасты Көктал ауылына келіп, қазақ отбасының үйінде тұрады. Оның айтуынша, қазақ тілін меңгеруге Берік ағай мен Әлима апайдың көмегі тиіпті. Ол «2006-2009 жылдары Сармановтар отбасының үйінде тұрдым. Бұл отбасы мені өз баласындай қабылдап, көп нәрсе үйретті. Сол кісілердің арқасында тіл үйренуден қиналған жоқпын. Керісінше, маған үлкен қолдау көрсетілді», – дейді.


Елімізде мұқтаж жандарға көмектесіп жүріп, болашақ жары Эйвелинді кездестірген. Келіншегі де – эрготерапевт. Натан әйелінің қалың малын төлеп, тойды қазақы дәстүрмен, Алматыда өткізіпті. Қазақтың құрметіне үш баласының атын Берік, Аяна, Сәуле деп қойыпты.

«Мен болашақ жарыммен 2011 жылы қазіргі Нұр-Сұлтан қаласында кездестім. Екеуіміздің мамандығымыз бір болғандықтан, оны сырттай таныттымын. Бір елдің азаматымыз. Бірақ тағдыр бізді Қазақстанда жолықтырды. 2013 жылы аутизммен ауыратын балаларға арналған «Арман» атты орталық аштық. Орталық 2016 жылға дейін жұмыс істеді. Балаларыма қазақы есім беруімнің де өзіндік сыры бар. Ұлымның есімін Берік деп қойған себебім, жарым оны босанарда қатты қиналды. Ұлымның өліп кетуі мүмкін еді. Бірақ Құдайдың қалауымен балам өмірге келді. Қиындыққа мойымайтын мықты азамат болып өссін деп есімін Берік қойдым. Ал үлкен қызымның есімін Аяна деп қоюмыздың мақсаты – алғашқы баламыздан кейін, бізде бала бола ма, жоқ па деген ой болды. Артынан бізге аян берілгендей болып, қызым өмірге келді. Сондықтан Аяна деп қойдық. Ал Сәуле туылғанда өмірге жарық сәуле келгендей болды», – дейді Натан.

(Жалғасы 8-бетте)

ҚЫЛБҰРАУ

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ – БІРТҰТАМ



Полиция қанша қырағы болған сайын қылмыстың түрі көбейіп, саны артып барады. Тіпті адам баласының қиялы жете бермейтін қылмыс түрлері пайда болып жатыр. Жақында Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, есірткі бизнесімен айналысқандарды құрықтапты.

Бораттың аты аспандап тұр делі ме екен, интернет-дүкеннің иесі өзінің есірткі бизнесін солай атапты. Былай қарағанда, Бораттан есе қайтарғысы келгендердің ісі шығар деп, сүйсіне қалуыңыз мүмкін. Алайда мақсат-мүддесі мүлде басқа екен.

Ведомство хабарламасында: «2020 жылдың сәуірі мен қазан айы аралығында шетелден синтетикалық есірткіні Қазақстанға жеткізіп, оны даярлап, «Vogel 24» интернет-дүкені арқылы сатумен айналысқан трансұлттық қылмыстық топтың көзін жою мақсатында ҰҚК кең ауқымды операция жүргізді» делінген.

(Жалғасы 3-бетте)

ФОТОАЙҒАҚ



«S»-ін ұмытты Өскемен,
Есі қашан кіреді?

17.11.2020



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
44,46

DOLLAR
430,50

EURO
510,41

РУБЛЬ
5,71

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



Отар қойым болса да,
Аң етіне әуеспін!



(Толығырақ 2-бетте)

ҮКІМЕТ

Осы аптада үкіметте мемлекеттік қызмет көрсету үрдісін жетілдіру жайы қаралды. Айта кеткен жөн, Қазақстан ТМД елдері арасында бір жапырақ қағаз үшін түрлі мекеменің табалдырығын тоздырудан құтқаратын жүйені бірінші болып енгізді. Мұның жарқын дәлелі – жұрттың уақытын анағұрлым үнемдеген халыққа қызмет ету орталықтары (ХҚКО). Дегенмен өмір бір орында тұрмайды. Қарыштап дамыған технология. Қарыштап дамыған құтылуудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынуға. Primeminister.kz сайты хабарлағандай, атқарушы билік бұл жетіде осы салаға тоқталды.

өзгертілді. Артық құжат талаптар алынып тасталды. Тиімді шараның бірі ретінде Blockchain технологиясын енгізуді айтқан жөн. Бұл мемлекеттік қызмет көрсету уақытын едәуір қысқартып, деректі үшінші тұлғаға беру мүмкіндігін болдырмайды.

Еліміздегі мемлекеттік қызметтер тізімінде 698 қызмет түрі қарастырылған. Олардың 85,5 пайызы онлайн-режимде көрсетіледі. Осы жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 90 пайызға жеткізілуі тиіс. Биыл eGov пайдаланушыны биометриялық сәйкестендіру жолымен бір қадамда жеңілдетілген тіркеу тетігін енгізеді. Осылайша, eGov-та ұялы телефонды бетке жақындату арқылы тіркелуге болады. Ал биометриялық сәйкестендіру қосымша сұрақ қою арқылы пайдаланушыны өзі анықтап тіркейді. Азаматтар көлік тіркеу үшін мамандандырылған ХҚКО-на бармай-ақ, банк қосымшалары

80 пайызға жеткізуді, сондай-ақ ТКШ қызмет бойынша астаналық IQala жобасы үлгісімен тиімді шешім енгізуді тапсырды. Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, барлық әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызметтерді eGov mobile-ға ауыстыру жоспарын бекіту тапсырылды. Бұл орайда Үкімет басшысы Асқар Мәмин «Халыққа жұмыстың нақты нәтижелері қажет. 2021 жылы «қағаз» анықтамалардың қажеттілігін толығымен жойып, «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясынан қызметтерді жеткізуді қамтамасыз етіп, барлық онлайн қызметтер мен сервистердің қолжетімділігін 100 пайызға дейін арттыруымыз керек», — делі.

Денсаулық сақтау министрлігіне азаматтарға қажетті электрондық медициналық мәліметтерді беруді қамтамасыз ету, еңбек министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, зейнетақы мен жәрдемақы беру ісін

Әлеумет.t⁰

АҢДАМАЙ СӨЙЛЕГЕН...

Біздің елімізде волейболға деген қызығушылық, былайша айтқанда, онша емес. Көпшілікті ұлттық құрамның, кішігірім командалардың жетістігінен гөрі Сәбина Алтынбекова көбірек қызықтыратындай. Оған да шүкір. Бәлкім, сымбаты мен сұлулығы келіскен осы қызымызға қарап, болашақта отандық волейболдың көсегесін көгертетін жұлдыздар өсіп шығар. Сол кезде сырттан спортшы тартпайтын болармыз. Сол кезде олардың біреуі командасы жетіліп бара жатқанда камераға ентелеп, аузына келгенін айтпайтын болар.

Әзірге мұның бәрі арман. Міне, бірнеше күннен бері жұрттың назары волейболға ауды. Елімізде Алеся Сафронова деген спортшының бар екенін білдік. Украинадан келген ол қарағым қазақтың «атын шықпаса, жер өрте» деген мәтелін білмейді-ау. Кейбір ақпарат құралдарында жазылғандай, өз саласында мықты да шығар. Бірақ біздің еліміздегі даңқы сол шеберлігімен емес, әлгі бір сөзімен шыққаны өкінішті.

«Жетісу» командасының капитаны волейболдан ел чемпионаты өтіп жатқанда камераға қарап «Қазақстанда бәрі сатылады. Федерацияда!» деп айқайлап жібергені лезде тарап кетті. Ерігіп отырғандарға керекі де сол. Сонында айтылған «Федерация» әлдеқашан ұмыт қалған. Қазір үлкен-кіші жапатармағай талқылап жатыр. «Qazsport арнасының операторы сол жерге неге бара қойды?» деген сауал да жоқ емес.

Ақыры Алеся көз жасын көлдетіп, кешірім сұрап тынды. Әйтсе де, «айтылған сөз, атылған оқ». Қазақстан Волейбол федерациясы жарыс аяқталғанша оны ойыннан аластату туралы шешім қабылдады. Федерацияның бас хатшысы Ермек Сырлыбаевтың айтуынша, алдағы күндері мәселесі майшаммен қаралмақ. «Сафронова төреші екі сәтті есепке алмағаны үшін эмоцияға берілгенін айтады. Бірақ Қазақстан мен Федерацияның оған қатысы қанша? Төрешілер сатып алынған десе, дәлелдесін» дейді ол.

Бүкіл елді шуылдатқан Алеся Сафронова кім? Ұлттық құрамның ойыншысы. Соңғы чемпионатта құрама капитаны болған. «Жетісу» командасы бас бапкерінің келіншегі. Оның есімі алғаш рет отандық баспасөзде 2015 жылғы мамыр айында аталыпты. Сол кезде әйелдердің ұлттық құрамасындағы мықты деген бірнеше волейболшы Қытайда өтетін Азия чемпионатына қатысудан бас тартқан екен. Арасында Алеся бар. «Время» басылымына берген сұхбатында Ермек Сырлыбаев Сафронованың осы кезде Түркияда өнер көрсетіп жүргенін, бірақ халықаралық трансфер сертификатында жазылғандай, ойыншы шақыру ала салысымен өз құрамасына келіп қосылуы тиіс екенін ашына жеткізген. Сөзін келтірсек: «Сафронова қонырау да шалған жоқ. Бапкері арқылы кішкентай баласын сылтауратты. Ал өз клубы атынан ойнауға баласы кедергі келтірмеді» деген.

Сафронова – Украинаның тумасы. Өз елінде ойнау өзіне тиімсіз болғандықтан ба, бізге келген. 2007 жылы Қазақстан азаматтығын алған.

Бір сұхбатында ол жергілікті волейболға көңілі толмағанын, тіпті мұнда жүре берсе, қарайып қалатынын ойлап күнде жылағанын айтады. «Мен ана жақта жұрттың көз алдында едім, енді жердің түбіне келдім», — деп ағынан жарылады. Кейін Алеся арманына жетіп, ақыры Түркия клубында ойнапты. Күйеуі бапкер, бірақ Түркия заңы бойынша командада бірге жүруге тыйым салынған. Содан кейін Шығыс Қазақстандағы «Алтай» командасынан шақырту алады. Кейін әлдебір келіспеушіліктер туындап, командалан кеткенге ұқсайды. Біз спортшының өткеніне әдейі тоқталып отырмыз. Оның өз елін тастап, «жер түбіне» жайдан-жай келмегені белгілі. Бұл – өзінің таңдауы. Оның бір себебі, сырттан келген спортшыға төленетін қомақты қаржы десек, қателеспейтін шығармыз. Сондықтан қанша жұлдыз болса да, өзіне жұмыс беріп, жағдай жасап отырған елге әлгіндей сөздерді айтуға хақысы жоқ еді.

Гүлнар АХМЕТОВА

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТАН ҚҰТЫЛУ



Жиында цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетов, Алматы облысының әкімі Амандық Баталов баяндама жасады.

Қазіргі эпидемиологиялық ахуал жағдайында цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі бизнес процестерді оңтайландыру және автоматтандыру бағытында біраз іс тындырды. Халыққа қызмет ету орталықтарының жұмыс форматы

арқылы сатып алу-сату рәсімдей алады. Бұл қызмет көрсету уақытын 10 минутқа дейін қысқартады (құжаттар үйге жеткізіледі). Биылғы жылдың соңына дейін электрондық форматтағы әлеуметтік-еңбек жүйесіндегі мемлекеттік қызмет көрсеткіші 90 пайызға жеткізіледі. Қоғамдық мониторинг қорытындысы электрондық мемлекеттік қызметті енгізу бойынша Ақмола, Қызылорда, Қарағанды, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары көш бастап тұрғанын айқындады. Үкімет басшысы жергілікті атқарушы органдарға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қанағаттану деңгейін кемінде

цифрландыру үшін қажетті деректерді толық цифрландыру мен жанартуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Премьер-Министр орталық және жергілікті атқарушы орындарға барлық ақпараттық жүйенің тиімді интеграциялануын және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, олардың жұмыс сапасын және халықтың оны пайдалануда жеңіл болуын қатысты шара қабылдауды тапсырды. Үкімет басшысы мемлекеттік қызметті цифрландыру жүйесінде болып жатқан жанаалықтар бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу қажеттігіне айрықша назар аударды.

Талап ТІЛЕГЕН

Кесте

ПӘТЕР БАҒАСЫ (Бір шаршы метр)

ҚАЛА	ТЕҢГЕ
Нұр-Сұлтан	360 000
Алматы	450 000
Шымкент	292 000
Ақтау	199 000
Ақтөбе	171 000
Атырау	278 000
Көкшетау	274 000
Қарағанды	271 000
Қостанай	242 000
Қызылорда	150 000
Орал	234 000
Өскемен	276 000
Павлодар	233 000
Петропавл	278 000
Семей	223 000
Талдықорған	255 000
Тараз	205 000

Дереккөзі: kriha.kz

Аптаның айтары



«ҚАЗІР АУЫЛ АДАМЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ ДЕП АЙТА АЛМАЙМЫЗ. МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН «АУЫЛ - ЕЛ БЕСІГІ» АРНАЙЫ ЖОБАСЫ

ЕКІ ЖЫЛ БОЙЫ ІСКЕ АСЫП КЕЛЕДІ. АЛАЙДА ОЛ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӨЗІ АУЫЛДЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН РЕТТЕУГЕ ҚАУҚАРСЫЗ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР АРАСЫНДА ҮЙЛЕСІМДІ ТІРЛІК ЖОҚ, БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫҢ ТИІМДІЛІГІ ТӨМЕН. БІЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ҚАРЫШТАП ДАМЫҒАН ДӘУІРДЕМІЗ. ДЕСЕК ТЕ, АУЫЛДАҒЫ АУЫЗ СУ ТАСЕЛЕСІ ӘЛІ ДЕ ШЕШІМІН ТАПҚАН ЖОҚ. ХХІ ҒАСЫРДА ӨМІР СҮРІП ЖАТСАҚ ТА, ӘЛІ АУЫЛ ІШІНДЕ ЕСЕК-АРБАМЕН КЕЗІП, БӨШКЕЛЕП СУ ТАСЫП ЖҮРМІЗ. АУЫЛ БАЛАСЫНЫҢ УАҚЫТЫ СУ ТАСУҒА КЕТЕДІ!».

Әли БЕКТАЕВ,

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы



Қызықтан қызықтары

АШ КӨЗДІК ПЕ, АҢКӨСТІК ПЕ?



Жамбыл облысында бір отар қой бағып отырған шопан малын өзінен аяп, аң атып жеуді едетке айналдырыпты.

Койшының қылмысы кездейсоқ әшкереленіп қалған. Полицейлер малшының қонысынан тіркеуде жоқ қару-жарақ іздеп, қора-жайын тексеруге келген екен. Сол жерде бір қазан еттің үстінен түседі. Сөйтсе, қарақұйрықты атып алып, етін қазанға салып қойыпты. Ескі вагонның ішінен 5 аңшы мылтығы мен 1 жарым келіге жуық кептірілген марихуана да табылған. Енді 34 жастағы қойшы осы қылмысы үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

(Басы 1-бетте)

Қазақстанда 189 элеватор бар. Оларға астық сыймай жатыр деп айта алмаймыз. Кейбірін толық қуатында жұмыс істеуіне астық керек. Сондықтан бізге элеватордың қажеті жоқ. Фермерлердің біліктілігін жетілдіру үшін «Атамекен» ұлттық компаниясының білім беретін орталықтары жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржыландырумен айналысатын «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ мен «ҚДБ» АҚ бар. Аса белсенді болмаса да, екінші деңгейлі банктер де бұл салаға атсалысады.

Фильмді көрген соң және жоба бастамашыларымен кездескеннен кейін, бізде көптеген саудалық пайда болды. Мысалы, инвестиция тарту көздерін, инвесторлар

Дәл осындай сападағы басқа импорттық және қазақстандық тұқымдардың тоннасы 150-200 мың теңгеден болатын еді деді. Ол Ақмола облысындағы егіс алқабына канадалық тұқымды екті. Әдеттегідей тынайтықш та қолданды. Бірақ гектарына 20 центнерден аспайтын өнім алды. Ең қызығы, отандық «Алтын сапа» мен «Шортанды» сортын еккен көрші егіс алқаптарынан да сондай өнім алынды. Тіпті олар минералдық тынайтықшты пайдаланбаған. Солтүстік Қазақстан облысының егіс алқаптарына Канададан әкелінген тұқымның өнімі гектарына 15 центнер, Германиядан әкелінген тұқым гектарына 24 центнер, ал ресейлік «Омская-36» сорты гектарына 23,5 центнерден өнім берген. Пилоттық жобаға қатысқан фермерлер жоба авторлары мұндай нәтижеден түніліп кеткендерін айтады. Сондықтан жұртқа

Пайдаланылмайтын анықталған ауыл шаруашылығы жері болса, тексерілген бірінші жылы ұйғарым беріледі және 10 есе жоғары салық есептеледі. Екінші жылы бақылау тексерісі жүргізіледі. Нұсқау орындалмаған жағдайда жерді алу үшін материал сотқа жіберіледі. Сот шешімінен кейін ғана мемлекетке қайтарылған жер учаскесі конкурстық негізде шаруаларға беріледі. Қазақстан заңнамасына сәйкес, ауыл шаруашылығы жері Қазақстан азаматтарына конкурстық негізде беріледі. Конкурста қатысуға өтінімді жартысы қоғамдық ұйым өкілінен тұратын облыс әкімдіктері жанындағы комиссия қарайды. Бұл конкурста барлық азаматтар қатысуға құқылы. Әлгі фильм авторлары ауыл шаруашылығы жерін ұзақ мерзімді жалға беру конкурсына заңды түрде қатысуға құқығы да, мүмкіндігі де бар.

ҮЙ ІШІНЕН ҮЙ ТІККІСІ КЕЛГЕНДЕР



Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласына қандай жағдайда келетінін түсінгім келеді.

Қандай да бір жеке инвестор мұқият дайындалмаған, өңделмеген жобаны қаржыландырғысы келеді деп ойламаймын. Мейлі, ол өзіміздікі болсын. Шетелдік инвесторлар тіпті де жоламайтынына бек сенімдімін. Оның үстіне, біз қомақты қаражат, яғни 7 млрд доллар жөнінде айтып отырмыз ғой. Бұл қаншалықты қомақты сома екеніне көз жеткізу үшін, елімізге Тәуелсіздік жылдары құйылған барлық шетелдік инвестициялардың көлемін көрсенді де жетіп жатыр. Олардың шыққан өнімі сату жөніндегі жоспары да күмәнді. Тіпті бұлар Қазақстан әлемдегі астық пен дәнді-бұршақты өнімді саудалайтын жалғыз ел еместігін, бұл өте бәсекесі биік нарық екенін ескермейді. Айталық, белгілі бір өнімнің аз ғана мөлшерін өзге елдің нарығына шығару үшін тек келіссөзге ғана кем дегенде бірнеше жыл кетеді. Әлемнің көптеген елдері импортталған тұқымнан алынған өнім екен деп бірден үлкен ақшаға сатып ала салалы деу үлкен қателік. «Тіімді менеджерлер» мол кіріс кіргізеді деген пікір де дұрыс емес. Тіпті 1200 «тіімді менеджерге» үміткерлерді іріктеу механизмдері де түсініксіз. Өйткені кез келген басқа бизнестің тіімді менеджері ауыл шаруашылығы саласында тіімді бола алмайды. Ол үшін аграрлық салада мол тәжірибесі болуы керек.

Сіз жоба бастамашылары агрохолдингті салықтан, мемлекеттік бақылаудан босатулы және оларға мемлекеттің 5 млн гектар жерін беруді талап етіп отырғанын байқадыңыз ба? Жоба авторлары мемлекет есебінен үй ішінен үй тіккілері келеді. Мемлекет олардың істеріне араласпауы керек екен. «Бізге 5 млн гектар жер бер, біз коммунизм құрамыз» дегенге келтіріп отыр.

Негізінде кез келген идеяны іске асыруға болады. Бірақ ол идеяны әбден жетілдіріп, пысықтау керек қой. Мұнда жобаның бүкіл идеясы импортталған канадалық тұқымның айналасынан аспағандай әсер қалдырды. Экранның арғы жағында отырып, бәрі оңай сияқты айтады. Канадалық астық тұқымын сатып аласың да егесің, сосын мол өнімнің астында қаласың. Ақиқаттан гөрі аңызға жақын. Көптеген тәжірибелі шаруалар, ғалымдар мен сарапшылар өсімдік шаруашылығындағы табысты анықтайтын тек тұқым ғана емес екенін дәлелмен айтып береді. Мол өнім көп жағдайда ауа райына, агротехникалық іс-шаралар кешеніне, ауыл еңбеккерлерінің тәжірибесі мен шеберлігіне байланысты болады.

Осы пилоттық жобаға қатысушылардың бірі оған бір тонна канадалық тұқымның құны 5 млн теңгеге шыққанын айтты.

мындаған «тіімді фермалары» бар фантастикалық жаһандық агрохолдинг туралы айтудың орнына, ең болмағанда, бір шағын фермерлік шаруашылық құрғандары дұрыс еді. Сосын агрономдардың, механизаторлардың, мал дәрігерлерінің, сауыншылардың, зоотехниктердің міндеттерін өзара бөліп, отандық нарықта елге пайдалы бір өнім шығаруды бастағандары жөн бе еді деп ойлаймын. Былайша айтқанда, алдымен ауыл шаруашылығы дегеннің не екенін түсініп, күшін салып, бағын сынап көрулері керек еді. Егер істері ілгері басып жатса, идеясын одан әрі дамытсын. Болмаса, отандық фермерлермен немесе өндірістік кооперациялармен өнімді өткізу жөнінде ынтымақтастық орнатқандары дұрыс болар ма еді. Әдетте, жұмыс солай істеледі.

«Болашақтың сәулетшілері» фильмінің авторы пилоттық жобаға қатысқан фермерлерге «канадалық астық тұқымының өнімін төмен етіп көрсетіндер» деп мен қысым жасады» дейді. Ауыл шаруашылығы министрілігі өнімділік пен жалпы өндіріс нәтижелері өсімінің жоғары болғанына ғана мүдделі. Өз мақсатына жету үшін жап-жас жігіттердің өтіріктен жиіркенбейтіндері өкінішті-ақ! Өздерің ойлап қараңыздаршы. Бүкіл ел бойынша егістік көлемі — 25,6 млн гектар. Соның 22,5 млн гектарына биыл егін егілді. Қалған жер парға жыртылған. Бейнежазба авторлары осы 22,5 миллион гектар жердің «тек 5 миллион гектарын» сұрайды. Бірақ бұл жерге егін егіп, өнбектеніп жүргендер қайтеді? Елордан қалай жұмыс істейтінін айтпайды, түсіндірмейді. Мен оларға осы жағдайдың бәрін түсіндірдім. Бірақ бұл жігіттердің «Екі пікір бар, біреуі — менікі, екіншісі дұрыс емес» деген қағидамен жұмыс істейтіндері ұнаған жоқ. Сол себепті мені «сатқындардың» тізіміне қосып қойыпты.

Біз пилоттық режимде төрт облыста ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалануға космономониторинг жүргіздік. 7,7 миллион гектар ауыл шаруашылығы жерін анықтағанымыз рас. Алайда қазіргі уақытта пайдаланылмай жатқан егістік алқабы бар болғаны 48,6 мың гектар. Қалғаны мал шаруашылығына арналған жайылымдық жер. Пайдаланылмай жатқан жерді анықтау жұмысы әлі жалғасады. Пайдаланылмай жатқан егістік алқаптың ауданы ауыл шаруашылығына деген қызығушылық артқан. Сондықтан пайдаланылмай жатқан бос жер болады деп айта алмаймын. «Болашақтың сәулетшілері» жобасының жігіттері ел қатарлы жерді жалға беру конкурстарына қатысып, заңды түрде жер телімін алуға толық құқығы бар екенін түсінуі керек.

Сондай-ақ олар өз идеясын жүзеге асыру үшін фермермен кооперация жөнінде ынтымақтастық мәселесін қарастыра алады.

Жұртты шулатқан фильм авторы өз сұхбатында менің жұбайымның ауыл шаруашылығына арналған жері бар депті. Менің өзімде де, жұбайымда да ауыл шаруашылығы жері жоқ. Жұбайымның ауылдық елді мекенде тек 2,5 гектар жері бар. Бірақ оның ауыл шаруашылығына қатысы жоқ. Ол жер учаскесі заңды түрде алынған және декларацияланған. Артық сөз болмас үшін айта кетейін, жұбайым екеуіміздің туыстарымыздың да ауыл шаруашылық жері жоқ. Олар олигарх емес, ауыл шаруашылығы бизнесімен мүлдем айналыспайды. Мұның бәрін тексеру қиын емес.

Президент агроөнеркәсіп кешенінің дамуы жөніндегі жана ұлттық жобаны әзірлеуді тапсырды. Құжаттың тұжырымдамасы биыл желтоқсан айында дайын болады. Содан кейін ол «Атамекен» ҰҚП, салалық одақтар мен фермерлер қауымадастықтарының өкілдері, аграрлық сала ғалымдары енген жұмыс тобына жіберіледі. Ауыл шаруашылығын дамытудың жана стратегиясын әзірлеу кезінде, біз өңірлердің әлеуеті мен ерекшеліктерін ескергіміз келеді. Сондықтан жұмыс тобына облыс әкімдерінің орынбасарлары да қосылған. Бұлардан бөлек, БҰҰ ауыл шаруашылығы және азық-түлік ұйымдары да тартылған. Агроөнеркәсіп кешені дамытудың қазіргі мемлекеттік бағдарламасы 2021 жылы аяқталады. Сондықтан біздің қазіргі міндетіміз — бұрын межеленген көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету, фермерлерді мемлекеттік қолдау жобасын сақтау. Фермерлер мемлекеттік қолдау басымдықтарының жиі өзгеретініне үнемі шағымданады. Соның салдарынан олар ұзақ мерзімді жоспар құра алмайды. Жоспарсыз кез келген бизнесті жүргізе алмайсыз. Сол себепті, біз аграрлық саясаттың сабақтастығын сақтап, оны бизнес үшін тартымды ету басымдығын белгіледік. Мысалы, біз қарапайым фермердің мемлекеттік қолдауға жылдам қол жеткізуі үшін бірқатар келеріні алып тастадық. «ҚазАгро» холдингінің еншілес ұйымдарының көпшілік саясатын жеңілдеттік. Қазірдің өзінде жақсы нәтиже бар. Мысалы, 2018 жылы отандық ауыл шаруашылығына кәсіпкерлер 365 млрд теңге инвестиция салса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 495 млрд теңгеге жетті. Бұл 30 пайызға артық. Биыл пандемияға қарамастан, аграрлық-өнеркәсіптік кешен секторы тұрақты дамып келеді. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың 16 пайыздық өсімі агроөнеркәсіп секторының барынша инвестициялық-тартымды бола бастағанын дәлелдейді.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ – БІРТҰТАМ



(Басы 1-бетте)

Быттыр осы уақытта Көкшетауда әлеуметтік желі арқылы бес аймақ бойынша синтетикалық есірткі таратқан тауар жеткізуші ұсталған болатын. Биыл 26 сәуірде Степногорск қаласында синтетикалық есірткі шығаратын бір зертхана анықталып, көзі жойылды. Ұсталғандарды «Vogat 24» интернет-дүкенінің үйлестірушісі басқарып отырған. Жедел операция нәтижесінде трансұлттық есірткі тобының 34 мүшесі ұсталып, 8 есірткі шығаратын зертхана жойылды. Есірткі жасайтын сегіз зертхана деген аз емес. Мұндай санмен олар қанша адамның өмірін өксіткенін ойлаудың өзі қорқынышты!

Одан бөлек, еліміздің ең ірі қалалары — Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкентке заңсыз тасымалданған 40 келі психотроптық заттар тәркіленді. Тәркіленген есірткінің қара базардағы бөлшек сауда бағасы 600 млн теңге (80 мың доза) болған. Сонымен бірге заңсыз крипто-биржалардың қызметі тоқтатылды. Олар биткоиндерді сатып алу және оларды шетелге экспорттау бойынша қаржылық операцияларды жүргізу арқылы есірткі сатудан түскен ақшаны заңдастырып отырған. Осының өзі әлгі есірткі бизнесімен айналысқан топтың жан-жақты қамданып, қанатын кенге жайып алғанын көрсетсе керек.


Есірткі бизнесінен түскен ақшаны заңдастыру үшін құрылған алты мобильді «майнинг фермалары» анықталған. 2018 жылдың қантарынан 2019 жылдың желтоқсанына дейін есірткі құрылымдары 2,5 млрд теңгеден астам қаражатты заңдастырған.

Сондай-ақ қаржы пирамидасын құрып, соған алдап-арбап түсіретін алаяқтар да көбейіп кетті. Аты-шулы «Гарант 24 Ломбард» қаржы пирамидасы быттыр құрықталып, қылмысы әшкере болған еді. Сол пирамида құрған алаяқтарға қатысты тергеу аяқталды. Полицияға 18 мыңнан аса арыз түсіп, жәбірленушілер 22 млрд теңге көлемінде шығынға ұшыраған. Қылмыстық топты құрықтауға 150-ден аса тергеуші мен анықтаушы жұмылдырылыпты. Ақырында 56 адам жауапкершілікке тартылып, 5 адам әлі іздестіріліп жатыр. Құдіктілерден 70 миллион теңге тәркіленіп, 22 миллиард теңгеден асатын мүлікке тыйым салынған.

Ал Ақтөбеде «Голд компани» серіктестігіне қатысты тергеу аяқталды. 2,5 мың адамнан арыз түскен компаниядан 32 миллион теңге тәркіленген. Құдіктілердің бәрі — Ресей азаматтары. Олар осы жұмыспен айналысу үшін елімізге арнайы келген.

Жарас ШӨКЕ

20 КЕЛІ ЕСІРТКІМЕН ЖҮРГЕН



Елорда көшесінде сөмкесіне жиырма келі есірткі салып тайраңдап жүрген азамат құрықталды.

Қала тұрғындарының арасында жедел-ізвестіру шарасы өткізіліпті. Сол кезде құдікті көзге түсіп, сөмкесінен 13 полиэтилен пакет шығады. Бұрын да осындай қылмыспен сотталған 39 жастағы азаматтың пәтерінен сатуға дайындалған тағы 32 полиэтилен пакеті тәркіленген. Енді ол осы қылмысы үшін 25 жылдан темір торда өткізуі мүмкін.



**Нұрлан
ҚЫЛЫШБАЕВ,
Сенат депутаты:**

«Биыл бюджет қаражаты тиімсіз жұмсалған жайттар анықталды. Үкімет резервиндегі қаржы есебінен отандық өндірушілерден 1500 өкпені жасанды желдету аппараты сатып алынды. Алайда 17 өңірдегі денсаулық сақтау мекемелері соның 831-ін ғана қабылдап алған. Ал қалғандары толық жабдықталмаған болып шықты. Мысалы, Жамбыл облысында осындай оқпалыққа байланысты 53 аппараттың бірде-біреуі жұмыс істемей тұр. Қазіргідей күрделі кезеңде мұндай жағдайларға жол беруге болмайды».

Сөз-Жебе



Ауылдың жайы

Мал шаруашылығын дамыту үшін алдымен керек нәрсенің бірі – кең де құнарлы жайылым. Қазір ауыл-елдің маңайындағы ат тоқымындай жайылым тозып біткен. Ғылыми жоба бойынша бір қара мал жазғы жайылымда тәулігіне сегіз келі шөп жеуі керек деп есептейтін болсақ, жайылымның жоқтығы тілің тістетуге мәжбүр. Оның үстіне, жан-жағы егін болғандықтан, көптеген ауылдарда жылқы малы да түнде оттап, қара қарғаның миы қайнайтын ыстықта шарбаққа қамалуға мәжбүр. Сөйтіп қыраулы қысқа көтерем қалпында енеді. Содан кейін мал өсе ме?!

Мал шаруашылығы саласына өнімділік пен өнім сапасын арттыру, асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау үшін субсидиялау түрінде ауқымды мемлекеттік қолдау көрсетілетіні белгілі. Дегенмен мұндай жеңілдікті Ерейментау ауданында орналасқан «Қарлығаш» шаруа қожалығы пайдаланбайтын көрінеді. Мемлекетке салмағын салғысы келмеген. Әйтсе де, жайылымның жоқтығынан шаруасын шалқыта алмай отырғандығын айтады. 1994 жылы құрылған бұл қожалық Торғай ауылдық округінің Қарағайлы ауылында орналасқан. Қожалық басшысы Ербол Дүйсеннің айтуынша, ол кезде бұл салаға қатысты мемлекеттік бағдарлама болмай, інісі Ерболат екеуі шаруа қожалығын өз күштерімен құрыпты.

Бүгінгі таңда шаруашылықта 250 бас жылқы бар, оның 135 басы – бие. Оған қоса, 105 мүйізді ірі қара, соның ішінде 80 басы сиыр, 325 қой бар. Жыл басынан бері 45 бас ірі қара мен біршама қой Елорда базарына етке тапсырылған екен. Ірі қара мен жылқы жергілікті жердің тұқымы. Сондай-ақ шаруа қожалығы өздерінің «Нұр-Сұлтан – Шідерті» тас жолы бойында орналасқан «Жансары» дәмханасын етпен қамтамасыз етеді. Еділбай мен гиссар тұқымдас қойлар сәуір айында қоздайды. Шаруашылықтағы 2 мың гектар жердің 200 гектары – шабындық, 100 гектары – екпе шөп алқабы, өзгесі жайылымға арналған жер.

Қожалық басшысы Ербол Дүйсен: «Мал басын көбейту үшін жайылымдық жеріміз жеткіліксіз. Мақсатым – мал өнімін сатып, елді етпен қамтамасыз ету. Осы орайда, 2009 жылы «Жансары» дәмханасын аштым. Келешекте Нұр-Сұлтан қаласында өз өнімімізді сататын дүкен ашуды жоспарлап отырмыз. Биыл 250 тонна жем-шөп, 50 тонна арпа дайындалды. Ірі қара малды қыс айларында жем және сабан беріп те сепіртеміз. Қой қоздағанда саулықтарға қосымша арпа береміз. Енбеккерлерге де шөп шауып береміз. Малды суару үшін ұңғыма қазып алдық. Жаз айларында шаруа қожалығында 5 адам, дәмханада 6 адам жұмыс істейді. Орташа еңбекақы 100 және 150 мың теңгені құрайды. Жергілікті тұрғындар үшін жер мәселесін шешу керек. Қаланың қалталы азаматтары 10-100 мың гектар жер алады да пайдаланбайды. Осының салдарынан Торғай ауылының 40 түтіні көшкелі отыр. Ауылда тұратын әр отбасының 50 гектар шабындық, 50 гектар жайылым жері болу керек. Бұл мәселені 2012-2016 жылдары аудандық мәслихаттың депутаты болған кезімде жүзеге асырдым. Жер нақты жұмыс істейтіндерге берілуі тиіс», – дейді бізбен әңгімесінде.

Облыстың жер аумағы 14,6 миллион гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы жері 10 миллион 782 мың гектарға немесе барлық жердің 74 пайызына тең. Мұның 5,7 миллион гектары егістік, 4,5 миллион гектары

жайылымдық жер. Ауыл шаруашылығы жерін тиімді пайдалану мақсатында түгендеу жұмысы жүргізілуде. Осы істің қорытындысы бойынша, ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1 миллион 110 мың 300 гектар жердің пайдаланылмай, бос жатқандығы анықталды. Бұған дейін ешкімнің 613 мың гектар егістік алқаппен, 490,2 мың гектар жайылымдық жермен жұмысы болмағандығын айта кетуге тиіспіз.

АРҚАДА

ЖАЙЫЛЫМ ТОЗҒАН, ШАРУА ШАРАСЫЗ



шыға келеріне кәміл сенесің. Жыл өткен сайын азық-түлік өнімдеріне сұраныс күрт өсіп, бағасы да жыл сайын көтеріліп келеді. Сондықтан жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі назардан тыс қалмауға тиісті. Әйтпесе, Жер-Анадан тілеуіміз, сұрауымыз көп болғанымен, беріп жатқанымыз шамалы.

«Жетек шанышсан, арба өсіп шығалы» делінетін құйқалы да құнарлы Ақмола өңірінде төрт түлік малға күт болған жайылым аз емес еді. Есілдің салалары – Ақанборлық, Тайсары, Жабай, Ақсоран, Жыланды, Қалмаккөл, Салкынкөл, Ащылы, Жекебояқ жайлауларынан қазір тоқымдай да жер қалған жоқ. Ендігі мәселе қурай басып, бос жатқан жерді есепке алып, көп жылдық екпе шөп егу керек. Сонда ғана елдегі малсақ қауым қолда бар малын көбейте алады. Әйтпесе, жылқыны қайдам, қара малдың өзін-өзі ақтауы қиын.

Бүгінгі күні Ақмола облысында ауыл шаруашылығы және басқа да мақсаттарға арналған жер телімін бөлуде заң бұзушылық жиі кездеседі. Соның салдарынан ел ішіндегі жайылымдық жер өбден тозып, мал жаюға жарамсыз болуға жақын.

Жайылымдық жердің тозуының себебі әріде жатыр. Жоспар қуалаған кешегі кеңестік заманда егістік алқаптың көлемін көбейтуді мақсат еткен колхоз-совхоздар тоқымдай жер қалдырмай, табалдырыққа дейін жырттып тастады. Міне, осындай жоспар қуалаудың жөн-жосықсыз жарысы Арқадағы түгін тартсаң, майы шығатын жайылымды, түкті кілемдей құлпырып жататын жайлауды құртты.

Мал бағасы өскелі ел ішіндегі малсақ қауым мал басын көбейтуге барынша ынталы. Өйткені соңғы жылдары мал өнімі, оның ішінде ет біршама қымбаттап, азын-аулақ мал ұстаған ағайынның бейнеті өтеле бастады. Ендігі орайда қолда бар мал тұқымын асылдандыру, оның ішінде сіңіре будандастыру арқылы тұқымын жақсарту өте маңызды шаруа екендігі белгілі болып отыр.

Мал басы көбейгеннен кейін оны жаятын жайылым керек-ақ. Жайылымдағы шөп көнекөз қариялардың пайымдауынша, үшке бөлінеді. Өліқау, ақ от және қара от болып. Бұрынғы даланың данышпандары шөптің атасы имажоңышқа, беде дейді екен. Беденің астық қуаты ересен болғанымен, қауіпті жағы да бар. Беде қалың өскен жайылымға жауыннан кейін

мал жаймайды. Жайса іші кеуіп, жарылып өледі. Сондықтан жайылым кепкен соң ғана мал жайса керек-ті.

Енбек ардагері Болат Жылқыбаев: «Мен ұзақ жыл даланың тынысымен тыныстап, қабілетім жеткенше сырын ұғуға тырыстым. Әрине, біздің көргеніміз бергі дүние. Егістік көлемін ұлғайтамыз деп жүріп, ауыл елдің онсыз да аз малына тиесілі жайылымның азайғаны рас. Қойды, сиырды, жылқыны тоқымдай жерде топырлатып, иіріп баққан соң тақырға айналмағанда несі қалсын? Бірақ қой мен жылқы жайылған жерде сиыр жая алмайтыны анық айта аламын. Өйткені қой мен жылқының тіс бітімі бөлек. Олар шөпті тамырына дейін қопарып жей алады. Ал тақырланған жайылымдағы қылтанақ сиырдың тіліне ілінбейді және біздің

қоға, ши, қазоты, бетеге, есекмия, мендуана, шырғалжық, қымыздық, атқулақ, райхан, ебелек, жуа, баялыш, теріскен, қараған, ошаған, таспажоңышқа, шырмауық, қараөлен, құланшайыр, бұйрашайыр, изен, айырауық, текесақал тәрізді төрт түлік мал аса сүйсініп жейтін өсімдіктер ұшырасқан екен. Бүгінгі жұрт осы шөптердің өзі түгіл атын да білмеуі мүмкін.

Мал басын көбейтуге бел буып отырған бүгінгі таңда жаңа агроинновациялық саланың қарқынды дамып, айтарлықтай өнім алуы, алған өніммен толайым елді қамтамасыз етуі үшін өсімдік шаруашылығын түбегейлі зерттеп, оның өнімді, пайдалы түрін тозып кеткен жайылымдық жерге ауыстыру қажет. Онда да жерсініп өсетіндерін. Дәл осындай ізгі қадам жасалса, бірер жылдан соң Есілдің екі жағалауындағы иен елдің жайылымы жайқалып

төңіректегі қариялардың айтуына қарағанда, қой жайған жерге сиыр бағуға болмайды. Өйткені бұрынғының көпті көрген даналары мұндай жағдайда жұқпалы ауру тарайды деп есептеген. 1980 жылдардың орта шенінде Жезқазған облыстық тәжірибе стансасында шырғалжық, изен, бозғанак, тарлау тәрізді өсімдіктерді ауыспалы егіс жүйесімен өсіріп, кейін басқа облыстарға таратқан болатын. Бұрынғы Көкшетау облысының Айыртау, Рузай аудандарының бірқатар алқаптарына да осы тәрізді екпе шөптер егілді. Кейінгі жылдары екпе шөп алқаптары тозып, өспей қалды. Уақытылы күтілмеді», – деп түсіндірді.

Ендігі арада елдегі малдың басын көбейту үшін ең керекті біздің ойымызша – жайылым. Селолық округтерге қарасты жайылымдық жер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер мен жекеменшіктің қолындағы мал басына шақталып, белгіленген ережеге сәйкес бөлінуі керек. Содан соң бос жатқан, қурай басқан алқаптарға екпе шөп егілсе, нұр үстіне нұр. Ел ішіндегі көпті көрген көнекөз қариялар айтады, ойдым-ойдым қайын шоқтары көмкерген Сандықтау, Атбасар аудандарының Есілге дейінгі кең көсілген жайылымдарында мия, бозғанак, бұйырғын, тобылғы, бозжусан, қоныржусан, жержусан, көкпек, балықкөз, тұзжапырақ, ажырық, қарашағыр, ақ шағыр, қарғатұяқ, қонырбас, акселеу, көрікыз, түйежапырақ, бәйшешек, қияқ, бидайық, қамыс, ұшхат, торанғы, алабота, шоһайна,

Мамандардың айтуына қарағанда, сіңіре будандастырылған асыл тұқымды малдың он сегіз айдың ішінде тірідей салмағы 400 келіге жетуі қажет. Одан ұзактау бақса, өзіндік құны қымбаттап кетеді. Ал жекеменшік шаруаның бұл деңгейге жеткізе алатындығы күмән туғызады. Өйткені оның малға берер жем азығы сайма-сай емес. Шындығын айтқанда, шөптен басқа мал қорегі бар ма? Оның өзі шықса жақсы.

Жайылым мен жайлауды қалпына келтіру үшін екпе шөпті молынан егу керек. Жалғыз амалы сол ғана. Көкше өңірінде 10801 гектар жерге арпабас және судан шөбі тәрізді бір жылдық және көп жылдық шөп еткен Жақсы ауданы, 10390 гектар алқапқа екпе шөп сепкен Атбасар ауданы бұл тараптағы жұмысты біршама оң жолға қойған. 870 гектар жерге ғана шамасы жеткен Қорғалжын, 2774 гектарға ғана қауқары жеткен Жарқайын ауданында бұл жұмыстың сылбыр екендігін атап айтуға тиістіміз.

Тозған жайылымды қайта түлетуге шағын шаруа қожалықтарының қауқары жете бермейді. Өйткені екпе шөптің тұқымы қымбат. Түріне орай бір тоннасы – 300-350 мың теңге көлемінде. Қазіргі күні облыста «Заречный», «Журавлевка», «Дикан-4» тәрізді оннан астам жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері айналысады. Соңғы жылдары екпе шөп тұқымына деген сұраныс артып келеді.

Байкен ҚОБЕЕВ,
Ақмола облысы

ҮШ анық



1.
АЛМАТЫДА ЖАЛҒАН
800 МЫҢ ДОЛЛАР
САТЫП ЖҮРГЕН
АЗАМАТ ҰСТАЛДЫ



2.
144 МЛРД ТЕҢГЕ
ЖЫМҚЫРҒАН
ЖОМАРТ ЕРТАЕВ
11 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ



3.
ЕЛОРДАДА
30 МЛН ТЕҢГЕНІҢ
ЕСІРТКІСІ
ТӘРКІЛЕНДІ

27 қыркүйек түркі халықтарының арасында үлкен трансформация жасады десек болады. Дәл осы күні Қарабақта соғыс оты тұтанды. Әзірбайжанның бейбіт ауылдарын 26 қыркүйекте атқылаған армян жасақтары үлкен соғыстың басталуына себепкер болды.

Қарабақ қаласына қатысты бұрын азы-кем жазып жүрдім. 2016 жылғы қыркүйек айында және тамыз айындағы шекара маңындағы ұрыстарға қатысты ақпарат бердім. Ал 27 қыркүйектен бастап, осы тақырыпқа қатысты көбірек ақпарат беруге тырысып отырмын. Мақсатым — Қазақстан қоғамы бұл соғысқа әділеттілік тұрғысынан қараса деген, соған сәл болсын септігім тисе деген ой болды. Себебі, БАҚ кеңістігінде өте көп, әрі түрлі ақпараттар айтылды, жазылды. Оның барлығын қарап, сүзгіден өткізу мүмкін емес. Алайда ақылға қондым, көңілге сыйымдысын қарап алуға болады. Менің көзқарасымда, бұл соғыстағы шынайы ақпарат, ол БҰҰ мен халықаралық қауымдастықтың ұстанымына негізделі отырып жазылған ақпарат. БҰҰ Қарабақты Әзірбайжанның бөлініс бөлігі санайды. Оны 4 қарармен бекітіп тастаған. Резолюциялар бойынша басқыншылар дереу арада басып алған аумақты босатуға тиіс болатын. Бірақ ол қарарлар іске аспай, ақыры қарудың күшімен, оқтың дауысымен бұл қаланың нүктесі қойылғанын көріп отырмыз.

Міне, осы тұрғыдан жазылған, қоғамға ұсынылған ақпарат шынайы деп санаймын. Қазақстан да, Ресей де, Батыс әлемі де, тіпті Армения да «Таулы Қарабақ Республикасы» дегенді таныған емес. Арменияның өзі танымаған. Бұл естен шығаруға болмайтын шындық.

Әзірбайжан әскерінің азат ету соғысына қатысты әртүрлі видео мен сұхбат, сараптамалық жазба мен сурет, ұрыс даласының тынысына қатысты ақпараттарды беріп отырған бірқатар блогер, саясаттанушы, журналистерді Әзірбайжанның Қазақстандағы елшілігінің ұйымдастыруымен осы елге алып бару, зымыран тиген қалаларды көрсету, ақпарат алмасу мақсатында іске асқан сапардың құрамында мен де болдым.

Әзірбайжанға баруға қатысты ұсыныс сапарға шығардан бір апта бұрын айтылды. Өз тарапымынан келісімді бердім. Себебі осы тақырып аясында қызығушылығым болғандықтан, барып көрген дұрыс деп шештім. Мың рет естігенше, бір рет көрген артық қой. Сондықтан ұсынысты қабыл алдым.

АРМЫСЫҢ, БАКУ!

Баку бізді жанбырлатып қарсы алды. Әзірбайжан әуежайына кірген мезеттен бастап, біз нағыз жеңісті тойлап жатқан халықты көрдік. Көзіміз түскен жердің бәрінде — ғимарат пен көліктерде, әуежай мен вокзалдарда, кемелер мен оқу орындарында үш елдің туы. Ол Әзірбайжан, Түркия және Пәкістан. Арасында Израильдің туын кездестіруге де болады. Туды көліктің артық әйнегіне жапсыру арқылы түрлі дизайнды қолданған.

Бакуде ең алдымен саяси зерттеу институтының өкілдерімен кездесу өткіздік. Кездесуге саясаттанушылар, депутаттар мен

БІЗ БАРҒАН КҮНІ ИСПАНИЯДА ХӘКІМ АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАП ШЫҒАРЫЛҒАН ПОШТА МАРКАЛАРЫ ҚОРҒА КЕЛІП ТҮСІПТІ. МАРКАНЫ КӨРСЕТІП, ТАНЫСТЫРДЫ. ҚАЗАҚСТАН МЕН ӘЗІРБАЙЖАН АРАСЫНДА АБАЙ ДАНАНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА ҚАТЫСТЫ КӨПТЕГЕН ЖОСПАРДЫҢ ЭПИДЕМИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛГЕНІН АТАП ӨТТІ. КЕЙБІРІ ОНЛАЙН-ФОРМАТТА ӨТІП ЖАТЫР ЕКЕН.

журналистер қатысты. Сөзімізді құттықтаудан бастап, Қарабақ қаласына қатысты ой алмасып, пікір таластырдық.

Қазақстандық кей сайттарда «Степанакерт қаласы» сөзінің қолданылуын да аңғарған екен. Дұрысы Ханкенди екені айтпаса да түсінікті дегенге келтірді.



Кездесу қызықты өтті. Ондаған сұрақ қойылып, жауап алынды. Азат етілген аймаққа халықты көшірудің қашан басталатынын сұрадық. Халықты көшірмес бұрын азат етілген елді мекеннің инфрақұрылымын қалпына келтіріп, жол мен су, жарық пен жылу жеткізіп, тұрғын үйлерді жөндейтінін айтты. Көшіп жатқан армяндар үйлерін өртеп, ағаштарды кесіп, қабірді қазып жатқанына қарап, қалпына келтіру жұмысы ұзаққа созылатынын сезіп отырмыз.

Халықтың азат етілген аймаққа қайта оралуы бойынша арнайы тізім жасалады. Токсаныншы жылдары мәжбүрлі түрде туған жерінен кетіп, бас сауғалаған азаматтардың көбі жиырма жылдан астам уақытта Әзірбайжанның

өзге аймақтарында қоныстанып, тұрақты жұмыс тауып, баспана иемденген. Босқындар қалашығында тұратын жандар да бар. Сондықтан миллионға жуық азамат Қарабақтан келгенін ескерсек, олардың қаншасы оралады, қай аймаққа қоныстанды, мемлекет қандай көмек береді, әлеуметтік демеу қалай іске асады? Осы сауалдар талқыланып жатыр екен. Кездесу барысында біз сондай ақпарат алдық.

Қарабақтан Нахичеван аймағына апаратын арнайы жол жайында да сұрадық. Жол Иранмен шекаралас аймақты жаяй отырып, тура Нахичеванға баралы. Көлік жолында бірнеше жол үсті және жол асты өткелдері болмақ. Қос бөліктен тұратын Әзірбайжан үшін бұл жолдың маңызын айтып түсіндіру қиын. Өйткені бұл сауда қатынасына ғана емес, демографиялық,

ӘЗІРБАЙЖАН САПАРЫ:

САҒЫ СЫНБАҒАН, НАМЫСЫ ҚАЙРАЛҒАН



мәдени, саяси, экономикалық байланыстың да артуына әсер етеді.

Саяси зерттеу институтынан шығып, Әзірбайжан парламентіндегі депутаттармен кездесуге бардық. Әрине, әр кездесудегі «әлкісамыз» «Женіспен құттықтаймыздан!» басталды. Артынша екі ел арасындағы достық, бауырластық жайында сөз қозғалды. Әзірбайжан депутаттары «Біздің бауырластығымыз сіздермен тығыз болғанын қалаймыз. Әзірбайжан мен Түркия қандай бауыр болса, Қазақстан мен Әзірбайжан да сондай қатынаста болуын тілейміз!» деді. Түбі бір түркінің достығы, бауырластығы артуын біз де қалайтынымызды жеткіздік.

СОҒЫС ЗАРДАБЫ

12 қарашада Баку қаласынан Гәнжә және Бәрдә қалаларына жолға шықтық. Мақсатымыз — бейбіт тұрғындарға соққы жасалған қалаларды көру, халқымен пікір алмасу. Баку елдің шығысында жатыр, ал Гәнжә қаласы — елдің батысында. Біздің елдің көрінісімен сипаттасак, Семей мен Оралдың арасындай. Елдің бір шетінен екінші шетіне жолға шығып, жолдағы көріністен мемлекеттің дамуы мен халқының әлеуметтік жағдайын байқауға болады. Біріншіден, жол жана әрі тегіс. Тақтайдай. Жол шетіндегі дәретхана мәселесі толық шешілген. Жол жиегінде жеміс-жидек сатып тұрған саудагер көп. Олардың басым бөлігі анар, лимон, қауын сатады екен.

Бәрдә қаласына 4 сағатта жеттік. Қалада 100 мыңнан астам тұрғын тұрады екен. Уақыт өткізбей бірден соққы жасалған аймаққа бардық. Зымыран соққысы қаланың қас қатынаста бағытталыпты. Бір зымыран бір мезетте

18 адамның өмірін қиып кеткен. Зымыран соққысынан ет сататын дүкен, сауда үйі мен шағын дүкен тас-талқан болған. Түсік уақыт болғандықтан, сол мандағы отқа орған көлік пен жаю жүргіншілер арасында зарлап шеккендер көп болыпты. Қаса тапқан бейбіт тұрғындарды еске алып, гүл шоқтарын қойыпты. Ал көз жұмған марқұмдардың қан іздері қанша уақыт өтсе де, әлі кетпеген, өшпеген.

Келесі қала Гәнжә еді. Бәрдә қаласынан Гәнжәге жарты сағатта жеттік. Екі қаланың арасы 60 шақырым ғана. Гәнжә үлкен қала, халқының саны жағынан елдегі екінші үлкен мегаполис. Қалада 500 мың тұрғын бар. Ал зымыран соққысы қаланың қас қатынаста тұрғын үйге

түсітті. Көпқабатты үйді күйретіп өткен. Соққы жасалған орынды көру өте ауыр болды. Құдды бір «Иводзимадан хат» фильміндегідей көрініс көз алдымызда тұрып алды. Өртенген ағаш, қираған үй, балқыған көлік, бомбадан үңірейіп, шұңқырға айналған қара жер. Соғыс зардабы деген сол.

Зымыран соққысынан 10 адам қаза тапқан. Шабуыл түнде болыпты, сондықтан, халық шырты ұйқыда жатқан. Жараланғандар саны өте көп. Қираған үйдің алдына көз жұмған жандардың аты-жөні жазылған тақтайша қойылыпты.

ЗЫМЫРАН СОҚҚЫСЫ ГӘНЖӘ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАҚ ОРТАСЫНДАҒЫ ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ТҮСІПТІ. КӨПҚАБАТТЫ ҮЙДІ КҮЙРЕТІП ӨТКЕН. СОҚҚЫ ЖАСАЛҒАН ОРЫНДЫ КӨРУ ӨТЕ АУЫР БОЛДЫ. ҚҰДДЫ БІР «ИВОДЗИМАДАН ХАТ» ФИЛЬМІНДЕГІДЕЙ КӨРІНІС КӨЗ АЛДЫМЫЗДА ТҰРЫП АЛДЫ. ӨРТЕНГЕН АҒАШ, ҚИРАҒАН ҮЙ, БАЛҚЫҒАН КӨЛІК, БОМБАДАН ҮҢІРЕЙІП, ШҰҢҚЫРҒА АЙНАЛҒАН ҚАРА ЖЕР. СОҒЫС ЗАРДАБЫ ДЕГЕН СОЛ.

ханым былай деді: «Бірде халықаралық жастар жынына шақырту алып қатыстым. Зал толы әртүрлі елден жиналған жастар еді. Онда дамыған және артта қалған елдің өкілдері отырды. Мен залда жиналған жас буынға қарап, бір сұрақ қойдым:

— Жастар, мен сіздерден не нәрсені тартып алсам, сіздер мені ешқашан, еш уақытта, мына өмірде кешірмей кетесіздер ме?

Залда тыныштық орнады. Тып-тыныш. Содан алда телефонның шұқылап, басқа әлемге басым кіріп кеткен жігіттен «Мен сенің телефоныңды тартып алсам, кешіресің бе?» дедім. Жас жігіт күліп «иә» деді.

Тағы бір жігіттен «Мініп жүрген көлігіңді тартып алсам, кешірер ме едің?» дегенімде, ол да басын иезіп «Иә» деді.

Кенет орта тұстан бір жігіт орнынан тұрып: — Ханым, балалығымды тартып алсаңыз, мен сізді ешқашан кешірмес едім, — деді.

— Сіз қайдан келдіңіз?
— Ауғанстан, Қабул, ...
— Рахмет, отыра қойыңыз!.. Балалары бар, балалық шағы жоқ елді өзгелер түсінбейді. Оны тек ауған жігіті мен мен ғана түсіндім. Өйткені мен де балалығымды ұрлатқан едім», — деді.

Гүлдер мен ойыншықтарды әкеліп, еске алып жатқан халықта есеп жоқ. Біз бейсенбі күні барғандықтан, еске алу шарасы өтетін уақытта тап болдық. Әр бейсенбі сайын қаза тапқан жандардың туыстары мен қала тұрғындары соғысты еске алу мақсатында дастархан жаяды екен. Өз тарапымыздан марқұмдардың жақындарына көңіл айтып, дұға оқыдық.

Гәнжә мен Бәрдә қаласына арналған бір күндік сапарымыз біз үшін ауыр сезім, зіл-батпан күйге түсірді. Қайтар жолда топтағы он адамның ойға шомып, төрт сағатты үнсіз өткізгені де содан болар. Бакуге жақындап қалған сәтте, қалаға кірер тұста әскери техника тиелген көліктерді көрдік. Бұл ұрыс даласында олжаланған басқыншылардың әскери техникалары екен. Жақында жеңіске арналған әскери шеру болмақ.

БАЛАЛЫҒЫН ҰРЛАТҚАН АҚЫН

Елдің батысына жасалған сапардан кейін, елдің солтүстік аймағында орналасқан Шамахи қаласына жолға шықтық. Шамахи Бакуден 150-170 шақырымдай жерде орналасқан. Қала халқы 110 мың адамды құрайды. Қала әкімімен кездесіп, артынша сол қаладан ұрысқа аттанып, қаза тапқан шейіттің отбасына көңіл айттық. Отан үшін опат болған жас сарбаздың отбасы Қазақстаннан келіп, көңіл айтып, қуаныш пен қайғыларын бөліскенімізге алғыс білдірді. Марқұм Шуша қаласын қайтару үшін шайқаста қаза тапқан екен. Оғы бітіп, қоян-қолтық ұрысқа түскен көрінеді.

ӘЗІРБАЙЖАН – 30 ЖЫЛДАН КЕЙІН ӨЗ ЖЕРІН ҚАЙТАРЫП, ТАРИХЫНЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫН АШҚАН ЕЛ. ӨР КЕЗДЕСУ ҮЛКЕН ОЙ САЛДЫ. СОҒЫСТЫҢ ЗАРДАБЫ МЕН ЖЕРДІҢ ТҰТАСТЫҒЫ, СЕПАРАТИСТІК ПИҒЫЛДЫ УАҚЫТЫНДА БАСЫП ОТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫН ТАҒЫ ДА БІР ТҮСІНДІМ.

Бір кездесуді екінші кездесу алмастырып жатты. Бакуде бірнеше азаматтармен жүздесіп, телеарнаға сұхбат бердік. Әзірбайжандағы Түркі мәдени мұраларын дамыту қорында сүбелі ой алмасу болды. Біз барған күні Испанияда Хәкім Абайдың 175 жылдығына арнап шығарылған пошта маркалары қорға келіп түсіпті. Марканы көрсетіп, таныстырды. Қазақстан мен Әзірбайжан арасында Абай дананың мерейтойына қатысты көптеген жоспардың эпидемияға байланысты кейінге шегерілгенін атап өтті. Кейбір онлайн-форматта өтіп жатыр екен.

Келесі кездесу Әзірбайжан Ұлттық мәжілісінің депутаты, мәдениет комитетінің төрайымы, ақын, профессор Ганира Пашаевамен болды. Ганира ханым жалпы түркі халықтары үшін ет жүрегін жұлып беретін қасиеті мен ұстанымы бар жан болып шықты. Ол түркілердің өз тілінде сөйлегенін қалайды. Сондықтан кездесу қазақ-әзірбайжан тілінде өтті. Арасында аудармашы көмегі сәл-пәл ғана керек болды. Әйтпесе, біз бірімізді өз ана тілімізде түсіндік.

Қарабақ соғысы оның өміріне үлкен өзгеріс әкелген. Оның балалығын ұрлаған. Ганира

тек ауған жігіті мен мен ғана түсіндім. Өйткені мен де балалығымды ұрлатқан едім», — деді.



Әзірбайжан — 30 жылдан кейін өз жерін қайтарып, тарихының жаңа парағын ашқан ел. Әр кездесу үлкен ой салды. Соғыстың зардабы мен жердің тұтастығы, сепаратистік пиғылды уақытында басып отырудың маңызын тағы да бір түсіндім. Қарабақтың кері қайтуы түркі әлеміне жан бітіріп, қан жүгіртті. Әзірбайжан халқының соғыстан сағы сынбаған, керісінше, рухы оянып, намысы қайралып алғандай. Енді достық пен бауырластықты арттыру бағытында

біз Әзірбайжанмен қандай қарым-қатынас жасаймыз? Ол жағын жоғары жақтағы билік өкілдерінің құзырына қалдырдық. Ал біз түбі бір туысқан Әзірбайжан еліне жасаған сапардан рухани күш алып қайттық.



Асхат ҚАСЕНҒАЛИ, саясаттанушы Алматы — Баку — Алматы

Айдың арғы беті

Таным-түйсігі ұшталған, талғамы таразыланған, тал бойындағы таланты ұшқындай бастаған қазақ жастары өлемнің түкпір-түкпірінде еңбек етіп жүр. Ресей Федерациясының Федералдық қауіпсіздік қызметінің ақпаратына сәйкес, 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында Ресейге жұмыс істеуге 2,4 миллион адам келген. Көрші елге екі қолға бір күрек табам деп барған шетелдіктердің ішінде қазақстандықтар бесінші орында. Әрине, қарапайым қара жұмысшы болып, жан бағып жүргендер де, өзге ортада өліміздің атын танытып жүргендер де баршылық. Біз бүгін миллиондардың қаласы Мәскеуде түрліше жұмыстың тізімін ұстаған жерлестерімізді сөзге тарттық.

«ИЛОН МАСКПЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНІМЕ СЕНІМДІМІН»

Мағжан Құтжанов – жас ғалым. Ол 1995 жылы Қарағанды облысы Ағадар кентінде дүниеге келген. Қарапайым отбасында тәрбиеленген Мағжан бала кезінен ғалым болуды армандапты. Мектепті үздік бітіргеннен кейін, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіне «металлург» мамандығы бойынша оқуға түседі. 3-курста оқып жүргенде Мәскеудегі Ұлттық зерттеу техникалық университетіне тестілеу тапсырып, бағы жанады.




Жас ғалым «Өлемнің 100 үздік жоғары оқу орнының қатарына кіретін оқу орнына түсу үшін ұзақ дайындалдым, әлебиеттерді, ғылыми еңбектерді зерттедім, оқыдым. Себебі осы оқу орнын Д. Қонаев атамның өзі бітірген. Талмай еңбектенгеннің арқасында бакалавр дәрежесін алып, магистратураны да үздік тәмамдадым. Туған әпкем маған қатты сенді, шетелді бағындыратыныма күмәнданбады. Мен Ресейге оқуға түскенде ауылымда бәрі таң қалды. Ілім, білім үйренем деген жастарға жігер бердім деп ойлаймын» – дейді.

Расында, ауыл баласы үшін ондай оқу орнына түсіп, білімге қанат қағу оңай шаруа емес. Одан ары өңгімесін сабақтаған Мағжан «Мәскеу тым үлкен қала, басында киналдым, бірақ кейін үйреніп кеттім. Оқу орнында нанотехнологияға басымдық берді. Менің дипломдық жұмысым алюминий негізінде косымша материалдарды өндіру жолдарына арналды. Оны үздік бағаға қорғап шықтым, екінші курстан соң лаборант болып жұмыс істей бастадым. Осылайша, еңбек жолым басталды. Бірақ «білім инемен құдық қазандай» ғой, сондықтан магистратураны бітірген соң аспирантураға түстім. Бағытым – металлургия, нанотехнология. Қазір зертханада инженер болып жұмыс істеймін. Болашақта Жапонияға барып, ғылыми жұмысымды қорғағым келеді, техника ғылымының кандидаты болу арманым. Міндетті түрде Илон Маскпен жұмыс істейтініме сенімдімін. Бірақ бұл үшін талмай еңбек ету керек», – деп болашаққа деген нық сенімін білдірді.

«ҮНЕМІ ІЗДЕНУ КЕРЕК»

Айымгүл Сариева – Батыс Қазақстан облысының тумасы. Алғашында Ресейге көшкен кезде наубайханада жұмыс істеген. Қазір Мәскеуде фармацевтика саласының білікті маманы. Балалық шағынан осы мамандыққа құмартқан ол өз жұмысынан ләззат алатынын айтады.



МӘСКЕУДЕ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚТАР

Айымгүл Сариева «Қазір енді ағылшын тілін жетік менгеру үшін білім алып жатырмын. Біздің мамандық үнемі ізденуді талап етеді. Менің ойымша, заман өзгерген сайын, біз де өзімізді жетілдіруіміз керек. Себебі бұл бәсекеге қабілетті адамдардың заманы. Өз мамандығым бойынша Қазақстанда жұмыс істегенмін, бірақ ол кездерде аз төлейтін.

Қазір жалақым жақсы, әпкеммен бірге пәтер сатып алдық. Мәскеуде көлікпен серуендегенді ұнатамын. Болашақта осы салада биік белестерді бағындырамын деген үміттемін», – дейді.

«БҰЛ ҚАЛА ЕШКІМДІ АЯМАЙДЫ»

Шетелде өз кәсібін табысты құра білген Салтанат Райымованың жоғары білімі жоқ. Бірақ ол Мәскеуде өз кәсібін ашты. Пандемияға байланысты жас кәсіпкер қиындықтарға тап болса да, мойымады. «Барға қанағат, жокқа тәубе» деп жұмыс істеуде. Тәтті тағамдарды пісіріп сатады, өзінің екі құрбысын да бұл іске тартқан.



Салтанат Райымова: «Басында кірпік өсірумен айналысып, ақша жиналдым. Шынымды айтсам, өзім де іс бастай алатыныма сенбедім. Үміттен күдік басым еді. Бірақ «көз қорқақ, қол батыр» дейді ғой. Арнайы курстарға барып, тәтті жасауды үйрендім. Түрлі рецептілерді өзім ойдан шығара бастадым. Айналырған бір жылдың ішінде тәтті тоқаш орталығын аштым. Егер пандемия болмағанда көл-көсір пайдаға кенелер едім. Дегенмен еңбек – бәрін жеңбек. Бұл қиындықты да енсеріп, танымал кәсіпкер болатыныма сенемін. Ата-анам үнемі қолдау көрсетіп отырады. Қандай іс бастасам да, үнемі жанашыр болады. Мәскеу – үлкен қала, «қасқырлардың» қаласы десем де болады. Талай рет алаяқтарға алданып қалғам. Бұл қалада ешкім ешкімге сенбейді. Ешкім ешкімді аямайды. Барлығы тек ақшаның тілімен сөйлеседі. Ақшаң болса, онда жайлы қала, тұрмысың қоныртылған болса, қиындау. Сондықтан маңдай терімді төгіп, аянбай еңбектеніп жатырмын. Осы тәтті тағамдарымды барлық Ресейдің қалаларында сатсам деймін. Бизнес жоспарым бар, мақсатым айқын», – деп жоспарын жіпке тізіп шықты.

«ҮНЕМДЕУДІ ҮЙРЕНДІМ»

Нұрбек Мәскеуге ақша жинау үшін келіпті. Өйткені үйленуге қаражат керек. Несие алып, қарызға батқанша, өзге елде уақытша жұмыс істемек.

Нұрбек: «Егер демалмай жұмыс істесем, бір күнде 30 мың рубльге дейін табамын. Бірақ шығын көп. Жанармай қымбат, жейтін тамағын бар. Мәскеуде үнемдеуді үйрендім, тамақты өзімнен дайындап алып шығамын. Себебі бір рет ең арзан дәмханаға барып, тиімсіз екенін байқадым. Тустенудің өзіне кем дегенде 500 рубль жұмсалдым. Осында тағы бір-екі жылға қалсам ба деп жоспарлап отырмын. Үйге де ақша жіберіп тұрамын. Ресейде қазақтардан гөрі қырғыздар көп



жұмыс істейді. Барлық салада. Тіпті кейде Қырғызстанда жүргендей боласың. Өйткені барлығы осында жақсы ақша табады, несиелерін жабады. Өзіме ұнайды, бірақ туған жерге ешнәрсе жетпейді», – деп, ауылын, жақындарын сағынып жүргенін айтты.

Жалпы Ресейде 800-900 мың, тіпті 1,5 миллион қазақ өмір сүріп жатыр деген мәлімет бар. Көп қандасымыз Қазақстанмен шекаралас аудандарда тұрады. Олардың арасында газеттің бас редакторы, мектеп директоры сияқты қызметтерді атқарып, түрлі салада жетістіктерге жеткендер де бар. Бір қарағанда тайбурылдың жүзін тайға артып жібергендей көрінгенмен, қайраты қажымаған, жігері жасымаған, мұраты мұқалмаған жастар өзге мемлекетте де өз орнын тапқан. Қазақ жастарының Ресейде жұмыс істеуінің тағы бір себебі – 2020 жылдан бастап мұнда оқитын студенттер арнайы патентсіз, рұқсатсыз еңбек ете алады. Ал сарапшылар «Бұл тенденция болашақта өршіл, дарынды буын өкілдерінің шетелде қалып қоянына жол ашады» дейді.

Индира БЕГАЙДАР,
Мәскеу қаласы
(Арнайы Jas qazaq үшін)



АЙБЫН

15 қараша. Бұл – жас сарбаздарымыз үшін ерекше күн. Маңызды сәт. Өйткені Ұлттық қауіпсіздік комитеті (ҰҚК) шекара қызметінің сапына таяуда ғана алынған жас толқын Отанымызға адал қызмет етуге салтанатты түрде ант береді.



ЕР ҮШІН ЕРЕК КҮН

Осындай сәттің жас азамат үшін аса маңызды да ерек екенін, біздер, журналистер ғана сезініп қана қойған жоқпыз. Алматы облыстық департаментінің Карасай шекара басқармасының орталық алаңына салтанатты сапқа тұрған әрбір сарбаздың алыстағы ата-анасы, туандары мен құрбы-достары да болашақ шекарашының алабұртқан жүзіндегі толғанысты көріп, олардың ғұмырындағы бір-ақ рет болатын маңызды сәтке куә болды.

Иә, біз «бір-ақ рет» деп бекер айтып отырған жоқпыз. Ер-азамат өзінің Отанына бір рет қана ант береді. Есесіне, ол осынау антына өмір бойы адалдық танытуы тиіс...

Белгіленген уақытта басталған салтанатты рәсімде еліміздің Туы көтеріліп, Әнұраны орындалған соң 300-ден аса сарбаздың алдағы қызметіне сәттілік тіледі. Әрі қарай, сап түзеген сарбаздардың өз Отанына ант беру рәсімі де басталып кете берді.

Сол-ақ екен, сытырлап басталған жауынның соңы қалың несереге ұласқаны секілді, аты-жөндері аталысымен, саптан шыққан бойы «Мен қатардағы жауынгер...» деп санқылдап ала жөнелген сарбаздардың дауысы тау жарып, тас қопаратындай екіпінді еді. Айта кетейік, олардың арасында болашақ теңізшілер де бар.



Осынау көңіл толықтар сәттің куәсіне айналған біз де қалам бен фотоаппаратқа «тыным» бермедік. Сарбаздардың әрбір маңызды қадамын суретке түсіріп, арасында аталмыш шараның өтуіне жауапты лауазымды тұлғаларды да сөзге тарттық.

Ақыры, шараның негізгі бөлімі аяқталып, мінберде тұрған басқарма басшысының жанынан бүгінгі рәсімнің құрметті қонақтары да орын алды. Бұл – баршаға белгілі «Застава ардагерлері» республикалық қоғамдық ұйымының запастағы полковнигі А.Дубов бастаған мүшелері. Сондай-ақ ант қабылдаушылар атынан сөз алатын жас сарбаз – болашақ теңізші. Кейіннен белгілі болғандай, ол Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданына қарасты Көгелдай ауылында туып-өскен Жәнібек Маратов деген жас жігіт болып шықты. Бір қызығы, сөз кезегі запастағы полковник А.Дубовтан кейін берілген қатардағы жауынгер Ж.Маратов та әлебиетке бір табан жақын болып шықты. Мұны өз тілегін қағазға қарамай, бір деммен айтып шыққан сарбаздың сөз байлығынан байқалды.

Бүгінгі шараға қарасайлық шекарашылар мұқият дайындалыпты. Әсіресе, шекара басқармасының айрықша мақсаттағы бөлімшесінің сайыпқыран шекарашылары.

... Алдымен көпшілікті аспанға қарата тоқтаусыз атылған оқ бірнеше қабатты ғимарат жаққа жалт қаратсын. Арқанға байланған күйі жоғарыдан төмен қарай түсіп келе жатқан жауынгер атысты жалғастыруда. Бір кезде алаңды «аппак тұман» басып қалды. Көп ұзамай арасынан әскери қызметшілер шыға келді. Қимылдары арнайы мақсаттағы тапсырманы шебер орындауға машықтанғанын анық байқатады. Одан кейін сайыпқырандардың қоян-қолтық ұрыс түрінен көрсеткен өнері көрерменді тәнті еткен.

Енді аланның арғы шетінен иттің арсылдаған үні естілді. Шекара күзеті мен шекарашы ит. Аланның бергі шетіндегі «шекара бұзғандардың» көлігі төрт аяқты ақылды серігіміздің назарын аударыпты. Иесі бос қоя бергені сол еді, октай ұшқан Елен өзінен бірнеше жүз қадам жердегі көліктің терезесінен ішке қойып кетті. Жылдамдығына көз ілеспейді. Санаулы секундтан кейін шекара бұзушы қолға түсті. Мұнымен де қойылым аяқталмапты. Көліктен түскенімен, шекарашыларға «бағынғысы» келмеген «қаскөй» тағы қаша жөнелді. Бұл жолы да шекарашы ит оны «құтқармады».

Осындай тамаша сахналық көріністен кейін «Қазақ елі», «Қазақтың жігіттері» атты патриоттық әндер шырқалды. Орындағандар «Арлан» тобының қос әншісі – Бақтияр Ермаханов пен Мұрат Қоңырбай.

... Алаңға шыға келіп, бір-бірімен қылыштасып ала жөнелген батырларға қарап, біз өткен ғасырларға, бұрынғы ата-бабаларымыздың заманына өтіп кеткендей күй кештік. Тәуелсіз еліміздің көк туын желбіретумен аяқталған қойылым көптің көңілінен шықты.

Ант қабылдаған сарбаздардың құрметіне күмбірлетіп күй төккен Әділбек Елтайдың өнері де алаңдағы сап түзеген сарбаздарды тәнті етті. Міне, осылайша әр сарбаздың жүрегіне мәңгі сақталатын тартымды да әсерлі өткен салтанатты шара жеке құрамның салтанатты сап түзеп өтуімен аяқталды. Адымдары біркелкі, көздері ұшқын атады. Демек бүгінгі шара әр сарбаздың жүрегінде патриотизм отын жағып, бойларына күш-қуат берді.

Алда оларды мемлекеттік шекара күтіп тұр. Ендеше, осы сәттен бастап олар үшін жас жауынгерлер курсы басталды. Сәттілік тілейік!



Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
ҰҚК Шекара қызметінің запастағы подполковнигі

Айманға

Кайдасың сен? Кайда кеттің?..
Келесің бе қайырылып?..
Қайран Айкем,
Қайран күлкім!
Қайран әнім!
Қайран жырым!..
Қалғаным-ай айырылып!
Қалғаным-ай кетіліп!
Қалғаным-ай сөгіліп!
Қалғаным-ай майырылып!..
Кайдасың сен?..
Атамекен Алтайнды
Іздеп әлде кеттің бе?
Асқар таудың бойына,
Қалың орман қойнына,
Кербез дала төсіне,
Айдын көлдің бетіне,
Ақ самал болып жеттің бе?..
Аппақ жаның — ақ нұрыңды
Алтайыңа апарып:
Ақ гүл етіп ектің бе,
Ақ жаңбыр етіп септің бе,
Ертісіңе толқын етіп төктің бе?..
Қалықтаған қыранның,
Әсем тотықұстардың,
Ерке қарлығаштардың,
Тынымсыз шағалалардың,
Әулие аққулардың,
Ән созған тырнарлардың,
Қоңырала қаздардың
Үндеріне айналып әлде кеттің бе?..
Әлде туган топырағыңда:
Маңғаз балқарағай болып,
Сұлу маралқараған болып,
Сымбатты қайың болып,
Сындарлы терек болып,
Шашақты долана болып,
Желекті үйеңкі болып,
Үкілі мойыл болып,
Майысып көк тал болып,
Толықсып тобылғы болып,
Еңселі емен болып,
Шырайлы шырша болып,
«Кел, іздеп кел!
Танып ал!» — деп тұрсың ба?
Күндіз Күннің нұры,
Түнде Айдың нұры
Түсер жерде болсаң,
іздеп барар едім!
Көзімді байлап қойса да,
Жаңылмай тауып алар едім!
Кайдасың сен? Кайдасың?..
Егіздердей жүп жазбай,
Бір шаңырақ астында,
Екеу ғана болсақ та...
Ақ дастарқан басында,
Дос-жолдастар қасында
Мәре-сәре жүрдік біз...
Әй, жалған-ай, жалған-ай!..
Ай, Айкем-ай!
Кайдасың сен?..
Кайдасың, Айкем?..
Күндер өтті...
түндер өтті...
сазарып та безеріп.
Сені іздеген жүрегімнің —
Менің жетім жүрегімнің
Еріні қалды кезеріп...
Сені аңсаған көңілімнің —
Менің тылсым көңілімнің
Көгер ме енді мұзы еріп!..
Сағындым сені...
Сағынып жүрмін...
Алғы күн мұрсат берсе егер,
Қалған жылдарым менің,
Сенсіз жылдарым менің
Сағынышпен өлшенер!..




Оралханның
алғашқы қосағы —
Марқұм Айман

он шақты күннен сон Айман қазаға ұшырады... Жедел жеткен Ораш тағдырдың оқыс та қатты сокқысынан өні боп-боз болып, тұнжырап жүрді.

Кейінде біреу: «Оралхан шетелде жүріп, үйдегі Айманға: «Мен барғанша үйімді босат!» деп телефонмен бұйрық беріп, Айман сол қорлыққа шыдай алмай, қарсыда салынып жатқан биік үйдің ең жоғарғы қабатынан секіріп өліпті», деп өсек таратыпты. Өй, атаңа нәлет имансыз неме!..

Айманның өзіне солайша қол жұмсағаны рас. Алайда екеуі «жылап қайта табысканнан» кейін, бұрынғы кездеріндегіше, жайдары жүрді. Күнбе-күн не жұмысқа баруға шыққанымызда, не жұмыстан

Сағындым ғой...



қолтаңба жазып... ол түсте пойызға жалғыз шықпақшы болды... бірақ мен Айманшты қимадым, қия алмадым. «Маған сенен басқаның керегі жоқ, ешқайда кетпейсің, жібермеймін» деп, құшақтап отырып алдым... екеуіміз де жылап... қайтадан табыстық, ағасы! — делі де, тез бұрылып, шапшаң шығып кетті. Мен не естігенімді түйсіне алмай ма, әлде түсінгім келмей ме... дел-сал қала бердім...

Оралхан, Ораш, көкірегін түйгілеген құйын сезімнен тезірек құтылуды маған сыр ашудан бастаған екен ғой...

Аймаш аса балажан еді. Сенбі-жексенбі күндері біздің төрт жастағы қызымыз Жанардың есік алдында ойнап жүргенін көре қалса, жүгіріп шығып, көтеріп алып сүйіп, сөйлесіп мөз болатын. Балқонда тұрса, Айманша көрінгім келмей, бұға қалатынмын. Айманш кейде Жанарды үйіне көтеріп алып кетіп, шашына бантик байлап, қолына не ойыншық, не кампит ұстатып, тіпті бір жолы әсем көйлек кигізіп алып келіп: «Жеңеше, біз келдік!» деп еркелене аңқылдады.

Келінін сіндісіндей жақсы көретін жеңгесі Әсила орқашан, Айман келіп шыққан сайын: «Құдай-ау, Орекең екеуіне бір шикіөкпені қимағаның ба?!»; «Ей, Алла, Айманға бір жас иіс берсеңші!» деп құмыға налитын. Мен Айманның ашылмаған гүлдей аналық сезім-мінезіне куә болған сайын: «Ей, тағдыр-ай! Тарылмасқа тарылатының-ай!» деп күрсініп тынатынмын.

Оралхан менен (Жазушылар одағында Әдеби қордың директоры болатынмын) Қырым шипажайына, Айман ауылға барып келмесіне болмайтын себеп айтып, үйде қалатын болған соң, өзіне ғана жолдама алып аттанғаннан кейін

оралғанымызда жолығып, сәлемдесіп, сөйлесіп, сенбі күндері не біздің үйде, не оларда болып, әңгіме айта қымыз ішісіп жүргендерімізде қабақтарында кірбең болмағанына куәмін. Меніңше, Айман көп құрметіне бөленген атакты қаламгер Оралханының ұрпақсыз өтуіне іштегі қарсылығын ақырында жене алмады, шындығында жеңгісі келмеген болар, яғни бала сүюге тиіс адал жарының алдағы өмірінде әкелік сезімінің оянуын, сәулелі болуын тілеп, сүйіспеншілік махаббатының қуатына сай батылдық жасап, өзін саналы құрбандыққа шалды, деп білем. Келін емес, бірге туысқан қарындасымдай болған Айман қазасы маған да қатты батты.

Дос-жолдастары Ораштың көңілін аулап, жұбатып бақты. Мен де өзімше ағалық ақылымды айтып, сабырлы болуын қалап жүрдім. Айманның қырқы берілгеннен кейін Оралханның атынан жазылған мына «Сағындым ғой!» өлеңімді әбден өңдеп, екі дана етіп мәшикепел, кеште Оралханды қымыз ішуге шақырып алып, оны-мұны жеңіл әңгімемен сағат шамасы уақыт өткізіп, Оралхан шығарла бір данасын төрт бүктеулі күйінде жанқалтасына салдым. Ораш танданбады, үндемеді.

Одан кейінде бұл өлең жайында екеуіміз де жақ ашқан емеспіз. Өлеңді ешқайда ұсынбадым, мұрағатымда 32 жыл жатты.

Оралхан інім көз жұмғалы 27 жыл... «Гүл аңсаған бір ғұмыр» хикаятымды оқығандар болса, сондағы бас кейіпкерлері Өртүлға мен Айқүміс ОРАЛХАН мен АЙМАН еді.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.
(08. 05. 2020 ж.)

Новелла



Гүлайым жұмыстан үйге қайтар жолда да, қолы қалт еткенде де қазақша әндерді тыңдады күні бойы. Жанына сая таппаған сияқты. Рухани қуат іздеді ме, үйдегі жыр кітаптардың барлығын жанына жиып қойып, өзіне ұнаған өлеңдердің барлығын дауыстап оқып шықты. Жүрек бәрібір жұбанар емес. Жыласа, жанарынан ғана жас аққан шығар...

Ана бір әнге елендейді, мына бір ән дәл сол туралы айтылғандай, жоқ мына әннің қайырмасы дәл оның жүрегімен үндес сияқты...

Кімді іздеді? Нені аңсады? Жүрек неге аландаулы? Сонау зау көктегі құс қанатына қызыға қарай берді. Айтылмаған сырлары көп пе, айта алмаған сырлары көп пе?

Дос бар ма, жалғанда жаныңды ұғар? Тағдырдың бұралаң бұлттарысында дос дегеннің барлығы тасала қалатыны қалай? «Өмір — заңы, өмір — заңы» деді ол күбірлеп, өзді-өзін жұбатып. Көшеде әрлі-берлі ағылған көп жолаушының арасында мұнсызы бар ма? Сәл нәрсеге өкпелей беретіні қалай? Бәлкім,

ЖЕЛГЕ ҰШҚАН ҚОЛШАТЫР



жанындағы жандардың барлығын өзіне дос көретіндігінен бе. Дұшпаны қайсы, досы қайсы? «Құс болсам қайырылмастан ұшып кетер ме едім!». Сөйтті де, Гүлайым қос қолын құс қанатындай екі жағынан сермей салып, өз бөлмесінде шыр көбелек айнала жөнелді. Әлгінде ғана мұң қатқан қабағы жадырап сала берді. Балаң жүрегі де қуаныштан ән салып тұрғандай. Көзін тарс жұмып алып, көңілін түсірген сол бір жайсыз жайлардан қиял қанатында болсын, тіпті бірер сәтке болсын қашып құтылғысы келетіндей...

Түнімен тағы ой кемірді. Көз алдында әкесінің жарқын бейнесі көлбендей берді. Бүкпесіз сырларын тек сол кісімен ғана бөлісетін. «Менің көзімнің тірісінде, жылама!» деуші еді әкесі. Өз ойынан өзі селк ете түсті. Әкесінің дауысы сияқты. Елендей берді. Ойдың түбіне кім жеткен?!

— Қызым, — деді бірде әкесі. — Ешкімге сенбе! Тек білімің мен жүрегің сен! Адалдықтан аттама, Алла өзі жар болады, — деді.

— Әке-ау, біз жан баласымыз ғой, кейде біреуді дос көргің келеді ғой. Әр сәті қауіптен өтетін жыртқыш аңдар ғана емес пе? Адамнан адамға қауіп бола ма? — деді Гүлайым балаң жүрепкен.

Әкесі ойланып отырды да, «Сенбе!» деп қысқа қайырды.

...Гүлайым таннан тұрып, жұмысқа барды. Саябақ ішіндегі сокпақ жолмен төтесінен жүре берді. Ақ қар ақырын жауып тұр екен. Жауған қардың ұшқынында күздің көз жасы тұнып тұрғандай. Ақ қар араласқан ақ жауындай көңіл күйдің де шертер мұны мен қуанышы біте қайнасып жатыр...

...«Енді ешкімге сенбеймін! Сенбе деген» сөзді ол іштей қайталай берді. Қолындағы қолшатырын жел ұшырып әкетті. Жүректегі өкпе де көкке ұшқан қолшатырдай жоқ болды. «Кешірдім» деді ол іштей. Өмір заңы, өмір заны ғой...

Үлмекен ТЫНЫШТЫҚҚЫЗЫ,
Кокшетау қаласы



тұрады. Кейіпкеріміз өз елінде де сүйікті ісімен айналысады. «Біз – нағыз казакпыз, Қазақстан біздің жүрегімізде. Балаларымызға болашақта казак

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ (Басы 1-бетте)

Натанның айтуынша, алғашында казак тілін үйрену оңайға соқпаған. «Қазак тілі – күрделі тіл. Бәлкім, мен өзбек, түрік ұлттынан болсам, жеңілдеу болар ма еді. Өйткені тілдері ұқсас. Маған қиындық тудырғаны – сөйлем құрау. Грамматикасы біздікінен өзгеше. Бірінші жылы қиын болғанымен, екінші жылы ақырындап үйреніп кеттім. Әлі де түсінбейтін тұстары бар. Ал адамдармен еркін сөйлесе аламын», – дейді.

Натан казактың салт-дәстүрін жақсы біледі. «Қазактың кез келген той-томалағы, беташар, тұсаукесер,



Натан ВИССЕР: Қазақ тілін ауылда үйрендім



қыз ұзату сияқты дәстүрі, жалпы қонақжайлығы ұнайды. Үлкендерге көрсетілетін құрмет те керемет.




Мәселен, мұнда автобустарда аяғы сағынғанда, казактың ұлттық тағамдарын пісіріп, естелік суреттер көріп, сағынышымызды басамыз», – дейді дәрігер.

құрметтейді», – дейді ол. Натан бүгінде отбасымен Голландияның Меппел қаласында

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ҚАЗАҚШАСЫ ОСЫ



19.11.2020




30.08.2019

Баяғы жартас...



Ал түсініп көр!



19.11.2020



30.08.2019

Jas qazaq газеті Қазақстан волейбол федерациясы сайтының казак тіліндегі қате нұсқасына ескерту жасаған болатын. Сайттағы кейбір бөлімдер орыс тілінде жазылған. Федерацияның баспасөз қызметі олқылықтың орнын толтырамыз деп редакцияға хат жолдаған болатын. Бір жылға жуық уақыт өтсе де, сайттан оң өзгеріс байқалмайды.

ӨНЕР



Осы аптада Алматы өкімдігінің ұйымдастыруымен «COVID-19-ға қарсы бірге күресеміз» атты фото және сурет көрмесі өтті. Көрмеге бөлгілі карикатурашы, бірнеше халықаралық байқаулардың жүлдегері Ғалым Смағұлұлы салған суреттер де қойылыпты. Оның ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасы бар. Туындылары еріксіз езу тартқызады, ой салады.



Ғалымның ғаламы



ІС-ШАРА

«Спорт шеберіне үміткерлер» марапатталды

Алматы қаласында MMA (аралас жекпе-жектің үш түрі) федерациясының жұмыс жоспарына сәйкес, биылғы жылдың басында «Медина» спорт кешенінің базасында «Араши – Каратэ – Микс – Комбат» аралас жекпе-жектен республикалық ашық турнир өткізілді.

Байрақты бәсекеге 27 спорт клубынан әр салмақ дәрежесі бойынша 350-ден астам ең мықты деген жекпе-жек өнерінің қырандары қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясының курсанттары жүлделі орындарға ие болып, спорттық атактарды тағайындау талаптарын ойдағыдай орындай білді.

Спорттың «Араши-Каратэ» түрінен «Спорт шебері» атағын курсанттар – Шәкәрім Әбен, Архат Айсанов, Нұрбек Маназаров, Ерасыл Мұқашев, Бекзат Нұрғазынов, Дәулет Қанатбеков иеленді. Ал «Спорт шеберіне үміткер» атағына Санжар Ардақұлы, Исламбек Баймұраев, Әділ Қарасартов, Темірлан Құлтаев, Иоанн Лученков, Эрик Лебедев, Қанағат Нұрғалиев, Ғасыр Рахымжан, Рамазан Өскенбаев қол жеткізді.



Елімізде жоғары дәрежелі спортшыларды дайындағаны және спортты дамытқаны үшін «Араши-Каратэ» жаттықтырушысы атағы қоян-қолтық ұрысынан еліміздің еңбек сіңірген спорт шебері, ҚР ҰҚК Шекара академиясы арнайы-тактикалық факультеті дене шынықтыру дайындығы кафедрасының оқытушысы капитан Берік Шыңәлиевке берілді.

Жарысқа қатысқан шекарашы курсанттарға «Спорт шебері» және «Спорт шеберіне үміткер» атағын айқындайтын арнайы куәлік дайындалып, оқу орнының мекен жайына жолданды.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара академиясында ҚР ҰҚК төрағасының орынбасары, генерал-майор Марат Қалқабаевтың қатысуымен салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Шара барысында шекарашы спортшылар Марат Қалқабаевтың қолынан «Спорт шеберіне үміткер» куәлігін алды.

Жанат ЖАБЫРБЕКОВ,
ҚР ҰҚК Шекара академиясының
баспасөз хатшысы

Бас редактор – директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Әбдіманап КЕҢЕС – жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА – Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәрия АЙТБАЙ – Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2235;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым – 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.